



**ЖАЛҒАН  
АҚПАРАТ  
ЖАРҒА  
ЖЫҒАДЫ**

2-бет



**АР-ҰЖДАН  
СОТЫ**

4-бет



**ҰЛТ  
ҰЯТЫНЫҢ  
ҰСТЫНЫ**

8-бет

# ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№14 (3545) 21 ақпан 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ТИІМДІ САЯСАТ – ӘЛЕУМЕТ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ



Елдің экономикалық дамуы тұтастай алғанда өңірлердің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болса бүгінде осы аймақтар күрделі мәселелердің ортасында қалып отыр. Олардың, әсіресе, инфрақұрылымы алаңдатарлық жағдайда. Яғни, жылдар бойы қалыптасқан жылу, электр қуаты және сумен жабдықтау жүйелерінің қатты тозуы, нашар жолдар, халықтың көпшілігі үшін тұрғын үйдің жетіспеуі мен қолжетімсіздігі, жекелеген өңірлерде газдың болмауы, ауыл тұрғындары үшін тұрмыс жағдайының қолайсыздығы және осыған байланысты артып бара жатқан ішкі миграция өңірлердің берекесін кетіріп тұр. Егер тез арада шұғыл шаралар қабылданбаса, жағдай бұдан бетер ушығуы мүмкін.

Бұл жөнінде өткен жұмада Сенатта өткен «Тиімді өңірлік саясат – еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі» тақырыбына арналған тыңдауда айтылды. Алқалы бас қосуда өңірлерге қатысты біраз мәселенің

беті ашылды. Сенаттың аймақтар тағдырына айрықша мән беруінің себебі жоғарғы палатаның өз жұмысын өңірлер мүддесін қорғайтын құзырлы орын ретінде айқындап жатқанында екен. Палата спикері Мәулен Әшімбаевтың

айтуынша, бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы бойынша жүзеге асырылып жатқан саяси ауқымды реформалардың заңды жалғасы.

(Соңы 3-бетте)

СӨТИ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Нүркен АЙТЫМБЕТОВ,  
Саяси зерттеулер орталығы  
директорының орынбасары:

### «ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ»

– Нүркен Ысқақұлы, жас ғалымның бірі ретінде ғылым саласының бүгінгі жай-күйі туралы көзқарасыңызды білсек.

– Отандық ғылым саласында 2012 жылдан бері қызмет етіп келемін. Онда бұрынғымен салыстырғанда ілгерілеушілік бар. Жас ғалымдар белсенділігі артып, гуманитарлық, техникалық және медицина мен физика, химия салаларында әлемдік деңгейде патенттелген жаңалықтар ашылып жатыр. Алайда, олардың барлығы көп жағдайда қолданысқа ене бермейді. Жаңалықтар болсын, алынған ғылыми нәтижелер болсын, қолданысқа енгізілуі әлі бір жолға түспеген. Біз де өзімізде қаншама ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асырамыз, олардан алынған нәтижелерді жоғарыға ұсынамыз. Алайда, олар қайда кетіп жатыр, қолданысқа түсе ме, түспей ме ол жағы беймәлім.

– Ғылыми кадрлар мәселесі шешілді ме?

– Шетелде жүрген талантты жастар жеткілікті. Олар түрлі трансулттық компанияларда, жоғары оқу орындарында, ғылыми орталықтарда қызмет етіп жүр. Олардың арасында өзін шетелде мойындатқандары да аз емес. Оларды Қазақстанға тарту әлі де үлкен мәселе деп айтуға болады. 90-жылдары басталған «Brain drain» (Ақылдылардың ағылуы) көші әлі жалғасып жатыр. Өйткені, бізде ғылым саласын қаржыландыру мәселесі түбегейлі шешілген жоқ. Ғалымдар өте төмен жалақы алады. Қазіргі жағдай бұрынғыдан тәуір дегенмен, ғылымды тастап бизнеске кету, шетелге кету тенденциясы тоқтаған жоқ. Соңғы 5 жылда Мемлекет басшысының тапсырмасымен ғылыми-зерттеу жобаларына қаржы бөлу, грант, жобалар саны жылдан жылға артуда. Ол қуантарлық жағдай. Сондықтан жастардың қызығушылығы акырындап өсіп келе жатыр. Дегенмен, әлемдік деңгейге жетуге әлі ерте. Өйткені, жастардың алатын жалақысы әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Ол әлемдік стандартқа сай емес. Бұл бір. Екінші, отандық ғылым саласында шешімін таппаған күрделі мәселелер көп. Мысалы, ғылыми кадрлар қартайған. Бұрын арасында үлкен айырмашылық бар.

(Соңы 5-бетте)

СУДЬЯ МІНБЕРІ

## ҚАРЫЗ АЛАРДАН БҰРЫН, БЕРЕРІҢДІ ОЙЛА!

Қазір елімізде қарызды ойланбай алып, қайтаруға келгенде қиналып жүрген азаматтар аз емес. Біреу табыс көзінен айырылып, отбасын асырау үшін несие алып, қарызға батса, біреу соңғы үлгідегі телефонды қарызға алып, несиеден өтей алмай жүр. Соңғы кезде қазақ жігіттерінің арасында ойынқұмарлар көбейіп, өзін де, отбасын да қарызға кіргізіп, оны қайтара алмай жүрген жағдайлар белең алып барады.

Шарасыз жандарды қолдауда 2022 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңның маңызы зор. Ол 3 наурыздан бастап күшіне енеді. Заңның қарызға батқандарға қандай пайдасы бар, соны талқыласақ.

Несиеден төлей алмай жүрген адам соттан

тыс және сот арқылы өзін банкрот деп жариялай алады.

Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға негіздер Азаматтарға арналған үкімет корпорациясы арқылы уәкілетті органға азаматтар өзін банкрот деп жариялау туралы арыз бере алады. Бірақ қарызы бар адамның бәрі мұндай арызбен жүгіне алмайды. Тек арыз бергенге дейін айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 1600

еселенген мөлшерінен аспайтын қарызы бар адамдар (биылғы жылға АЕК – 3450 теңге, яғни 1600x3450= 5 520 000 теңгеге дейін қарызы бар және оны өтей алмай жүрген адамдар) бере алады. Бірақ олардың:

1) ортақ меншіктегі мүлкті қоса алғанда, меншік құқығында мүлкі болмауы керек. Бұл жерде иелігіндегі мүлкті басқа адамның атына аударуға болмайтынын ескерген жөн. Борышкердің үш жылға дейінгі кезеңдегі қаржылық жағдайы, оның мүлкі мен міндеттемелері тексеріледі;

2) кредиторлар (банк, микроқаржы беретін, қарыз беретін ұйымдар) алдындағы міндеттемелері (яғни қарыздары) арыз берілген күнге дейін қатарынан он екі ай бойы өтелмеуі керек;

3) кредиторлар мен борышкердің арасында қарыз шартындағы міндеттемелерді орындату үшін қандай да бір рәсімдер жүргізілуі керек. Яғни, мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап 18 айдан аспайтын мерзімдерде бұл шаралар жүргізілуі қажет. Мысалы, борышкер кредиторға барып, қарызын төлей алмайтын распайтын құжаттар өткізсе немесе төлем кестесіндегі ай сайын төлейтін соманы азайтуды сұрап өтініш беріп, бірақ оған кредитор келіспей қойса, яғни борышкердің қолында осындай рәсімдердің жүргізілгені туралы қандай да бір дәлел болуы керек;

4) арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсім қолданылмауы керек.

Бұлардан бөлек, егер борышкер арыз берілген күнге дейін алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, ол 2) тармақшаның ережесіне қарамастан, арыз бере алады. Яғни, қарызы кредитордың алдында 12 ай бойы өтелмеуі керек деген шарт, атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдарға қолданылмайды.

(Соңы 8-бетте)

# ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Әлеуметтік желідегі бұрыс әрі бұрмаланған ақпараттардан көз сүрінеді. Газет, журналдардың, цифрлық медиалардың көпшілігі әлеуметтік желілерде өз ресми парақшасын тіркеген, арнайы қауымдастықтар жариялаған ақпараттың бәрін ақиқат деп айта алмайсыз. Оны анықтауда фактчекингтің маңызы зор.

Бір қарағанда мәліметтерді тексеру тар ауқымдағы әрі белгілі бір алаңдағы, жасампаздықты талап етпейтін жұмыс болып көрінеді, бірақ шын мәнінде олай емес. Барлық жобаларға өзі ұсынған ақпараттың шын-өтірігін тексеру ортақ тәртіп, бұл нақты ереже бойынша іске асырылады, ал тексеру объектісін анықтау әркімнің қалауында.

Кейбір жобалар, мәселен, Demagog.kz белгілі бір жерде жасалған барлық мәлімдемелерді тексереді, басқа ұйымдар болса, тек мәлімдемелердегі жалған деректі және өзекті мәселелерді тексереді. Екі амалдың да артықшылығы мен кемшілігі бар. Бірінші жағдайда көптеген мәлімдемелер тексеру керек, бұл бағалау түрін және дәлелдемені қажет етеді. Нәтижесінде қысқа әрі кешенді сараптама болып шығады. Бір жағынан мұндай амал оқырмандарға қарастырып жатқан дискуссия немесе сұхбаттың кешенді суретін көруге мүмкіндік береді. Себебі, саясаткердің айтқан мәлімдемесін ғана көрсетіп қоймай, оның санын да көрсетіп отырады. Оқырман мәлімдеме барысында келтірілген дерек қаншалықты шындыққа жанасатынын бағалай алады. Екінші жағдайда, іріктеуді және тексерілуі тиіс мәлімдеме санының аздығын ескере отырып, басқа да мәлімдемелерді сараптама және контекст жағынан терең зерделеуге болады.

YouTube бейнелері, мобильді қосымшалар, мақалалар, суреттер мен фотосуреттер – бұл заң қорғайтын авторлық құқық объектілері. Оларды тек автордың келісімімен пайдалануға болады. Желі барлық мазмұнмен толтырылған: фотосуреттер, мәтіндер, өлеңдер, комикстер, музыка және т.б. қызықты ақпараттармен. Оған қол жеткізу еркін болғандықтан, оны өз қалауыңыз бойынша қабылдауға және пайдалануға болады. Мысалы, ұнаған суретіңізді желіден жүктей аласыз. Алайда, кез келген фотосуреттің авторы бар, ол сол арқылы авторлықты дәлелдей алады және кәсіпкерден жүздеген мың өтемақы талап етеді. Сіз ақпаратты оқығанда оның тек шындыққа сәйкестігі ғана емес, осы дүниені жасаған автордың құқығын да қаперде ұстауыңыз керек.

Жақында WhatsApp мессенджерінде «мектеп, дүкен, көшелерде белгісіз біреулер балаларға есірткі қосылған конфет таратып жатыр, соның әсерінен балалар уланып, ауруханаға түсіп,

қайтыс болып жатыр» деген дыбыстық хабарлама таралды. Жаманат хабар жерде жатын ба? Бірін-бірі іліп алып кеткен жұрт аз ғана уақытта дүрлігіп, құзырлы орындарға шетінен қоңырау шалып, тез арада мәселені анықтауды талап етіп жатты. Әрине, егер мұндай жағдай орын алса, полицияның бірден халыққа қажетті ақпаратты ұсынуы міндетті. Полиция елді алаңдатқан ақпарат шындыққа сай келсе де, өтірік болса да ол жайлы уақыт оздырмай хабарлауы тиіс. Өйткені, ақиқат кешіккен сайын дақпырт шындыққа айналады.

Көпшілікке тараған мәтін мынандай: «Әсем, қалайсың? Мына конфеттерді балаларыңа көрсет, қазір бүкіл балаға осы конфеттер тегін таратылып жатыр. Танымайтын адамнан, мектеп мейінінде, жолда, дүкен жақта ешкімнен алмасын. Оларға есірткі қосылған, балалар уланып, ауруханаға түсіп, қайтыс болып жатыр дейді. Көкшетауда қайтыс болды, Қостанайда да қайтыс болғандар бар. Соның бәрі осы конфетті балаларыңа көрсет, ешкімнен алмасын». Дәл осы хабарлама балалардың да, мектеп ұжымының да, ең бастысы, ата-аналардың уайымын көбейтіп, алаңын ұлғайтқаны талассыз. Тіпті, қауіптен сақтанған кейбір ата-ана ұл-қызын мектепке, көшеге жіберуге қорқып қалған еді. Көпшіліктің көзін ашып, ақпараттың шындыққа сай келмейтінін жеткізу үшін полиция қызметкерлеріне, мұғалімдерге, психологтарға біраз түсіндіру жұмысын жүргізуге тура келді. Оның үстіне, ИІМ жалған ақпарат таратқан азаматтарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан.

Жалған ақпаратпен көпшілікті манипуляциялау, қорқыту, негізсіз болжамдар айту, тиісті мекемелерді дәлелсіз қаралау, жалған ақпараттарды таратудың соңы жақсы бітпейді. Көпшілікті дүрліктіру шын мәнінде қылмыс екенін білген абзал. Тіпті, сізге келген хабарламалардың дұрыс-бұрыстығына көз жеткізбей, таратуға асықпаңыз. Ақпараттарды саралай, анықтай біліңіз. Бүгінде түрлі органдар осы бағытта жұмыс жүргізіп жатыр. Халықтың құқықтық сауатын көтеріп, ақ пен қараны ажырата алуына жол сілтеудің пайдасы зор.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 3-курс студенті**

## ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

# «E-TUTYNUSHY» ШАҒЫМДЫ ҚАРАУҒА ДАЙЫН

Қолданыстағы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның қабылданғанына 4 мамырда 13 жыл толады. Ал 1991 жылғы 5 маусымдағы «Тұтынушылардың праволарын қорғау туралы» Қазақ ССР заңы 19 жыл қолданыста болған еді. 2010 жылғы заңға 12 жылда 18 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Оның алғашқысы 2011 жылы 7 мамырда жасалды. Одан кейін 2016 жылы – 1, 2014–2015, 2019, 2021 жылдары – 2, 2018, 2020, 2022 жылдары – 3 рет өзгеріс енгізілді.

Былтыр 15 қарашада өткен Үкімет отырысында Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2023 жылға арналған жоспарының жобасы қаралған кезде Әділет министрі 2023 жылға арналған жоспарында 34 заң жобасын әзірлеу көзделгенін мәлімдеген еді. Оның айтуынша, Парламентке бірінші жартыжылдықта – 15, екінші жартыжылдықта – 19 заң жобасы енгізілмек. Соның бірі «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заң болуы мүмкін. Ашық НҚА порталында жарияланған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға енгізілетін түзетулердің 2-топтамасын талқылауда қоғам мүшелері әлі де өздерінің азаматтық белсенділігін көрсетуге болады. Ол тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін

айқындайтын болады. Жалпы, тұтынушылар өз құқықтарының бұзылуына байланысты шағымды «E-tutynushy» онлайн-сервисі арқылы бере алатынын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің мамандары 8-7172-74-98-32, 8-7172-74-98-36 тегін желі бойынша да консультация жүргізеді. Мәселен, биылғы жылдың 30 қаңтары мен 3 ақпаны аралығында комитетке 528 өтініш түскен. Оның ішінде 233 жағдай (44%) құқықтық көмек көрсетіліп, 189 өтініш (36%) қанағаттандырылып, 97 өтініш қайта бағытталған. Бизнес субъектісіне тексеру жүргізуге 1 ұйғарым шығарылып, өткізілген іс-шаралар нәтижесінде тұтынушыларға 13,8 млн теңгеден астам қаражат қайтарылды.

Жетісу облысының тұтынушылар құқығын қорғау департаментінің басшысы Еділ Зайытбековтың айтуынша, 2022 жылы олардың көмегімен 100-ден аса өтініш бойынша тұтынушыларға жалпы сомасы 5,4 млн теңге қайтарылған. Тұтынушылар шағымдарының басым бөлігі бөлшек сауда (65,1%) саласының үлесіне тиеді. Қарапайым халықтан түскен өтініштер ай сайын 25-30% өсіп отыр. Бұл бір жағынан халықтың құқықтық сауатының арта түскенін көрсетеді.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»**

Дүниежүзілік денсаулық ұйымына мүше мемлекеттер 2030 жылға қарай өздеріндегі суицид деңгейін ең төменгі шекке жеткізуді көздеп отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар аталған ұйымның 2013–2030 жылдарға арналған психикалық денсаулықтың іс-қимыл жоспарына сай жүзеге асырылуда.

# «СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ» СЕНІМДІ НЫҒАЙТУҒА СЕП

Өзге мемлекеттер секілді біздің елімізде де суицид дертінің алдын алуға айрықша көңіл бөлінген. Осы мақсатта түрлі бағдарламалар іске қосылды, республика бойынша жедел желілер жұмыс істейді. Ресми мәліметтерге жүгінсек, ең ірі мегаполис Алматыда орналасқан қалалық психикалық сауықтыру орталығының сенім телефонына 2021 жылы 4759 адам жүгінсе, соның 89-ы, 2022 жылы тек суицид бойынша хабарласқан. Бұған қоса жыл басынан бері түскен 466 қоңыраудың 7-еуі суицидпен байланысты болған. Адамның өз өмірін қиюына әртүрлі жағдайдың әсері болуы мүмкін, дегенмен, психологтар тіршіліктен түңілетіндердің басым көпшілігі ойынқұмарлыққа салынғандар екенін жоққа шығармайды.

Жоғарыда келтірген екі жылдық статистика Қазақстанда өз-өзіне қол салушылар мен оны жасауға талпынатындар көрсеткішінің артқанын байқатады.

Бұл аса күрделі әрі өте нәзік тақырып, сондықтан, осы мәселені зерттеп жүрген мамандар суицид жайлы оқиғаларды жариялауда тым ашықтыққа салынып, бояуын қалыңдатып беруге қарсы. Өйткені, оқырмандар аудиториясы әртүрлі. Бір адамның әрекеті басқаларға кері әсер етпесіне ешкім кепіл бола алмайды.

Мамандар пікірінше, ата-ана мен бала, жақын-жуық, дос-жаран, т.б. арасында тығыз рухани байланыс, бір-біріне деген қолдау болса ғана суицидті жеңу мүмкіндігі артады. Әлемдік проблемаға айналған дерттің алдын алуда жалпы қоғам тарапынан белсенділік керек. Көпшілікті суицидке себеп болатын факторлар, сондай-ақ, адамның өзгергенін байқаған жағдайда қандай шаралар қабылдау және кімнен көмек сұрау керектігінен хабардар ету мақсатында практик-психологтар кеңесіне жүгінген едік.

## Маман кеңесі

**Айжан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,** *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, психолог:*

### «КӨҢІЛ-КҮЙГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРДЫҢ ӘСЕРІ МОЛ»

– Суицидальды мінез-құлыққа әсер ететін үш фактор бар, олар биологиялық, әлеуметтік және психологиялық. Жалпылай алғанда бұлардың үшеуі де маңызды. Бірақ, әлеуметтік фактордың ықпалы басым екенін тәжірибе байқатады. Өйткені, тұрмыстық жағдайдың, яғни, күнкөрістің нашарлығы адам баласын күйзеліске тез түсіреді.

Бұрынғыдай емес, қазіргі таңда жанұя институты, басқа да адам қандылықтар өзгеріске ұшырады. Нарық заманының қиындықтары тағы бар. Өмір болған соң жолында кездескен кедергілерге қарсы тұра алатындар мен тұра алмайтындар қатар жүреді. Мұндай кезде үкімет тарапынан әлеуметтік көтермелеу шаралары немесе өзінің өмір сүру қабілеті жеткіліксіз болмаса адамда суицидальды мінез-құлық жоғарылай бастайды. Психологиялық фактор аффективті суицидальды мінезге әкеледі. Мысалы, адам төтеннен келген қайғыны көтере алмай қалуы, соның салдарынан ойы бұзылуы мүмкін. Алайда, оның қиын жағдайдан жанындағылармен сөйлесу, олардың қолдауы арқылы шығып кету мүмкіндігі бар.

Ал, жасөспірімдердегі суицидтік мінез-құлық биологиялық факторға тәуелді болып келеді. Өйткені, олар құбылмалы кезеңнен өтеді. Ересектерде бұл мәселеде әлеуметтік фактордың рөлі басым. Осы екі жағдайда да суицидке итермелеуші күш психологиялық фактор болады. Статистиканың өзі биологиялық пен психологиялыққа қарағанда адамдарда әлеуметтік фактор салдарынан өз-өзіне қол салу көрсеткіші жоғары екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан, бұл мәселе мемлекеттік деңгейде көңіл бөлуі қажет етеді.



**Сәуле ИБАШОВА,** *Алматы қаласының психикалық сауықтыру орталығының психологі:*

### «МАМАН КӨМЕГІНЕ ЖҮГІНУДІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ»

– Суицидтік әрекетке адам бірден бармайды, алғашында оның қандай да бір белгілері байқалады. Мысалы, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы өзгеруі, ешкіммен араласпай, өзімен-өзі оқшаулануы, күйзеліске түсуі мүмкін. Осының өзі ол жанға көмек керек екенін білдіреді. Мұндай жағдайда немқұрайдылық танытпай, қолдау білдіріп, тез арада арнайы мамандарға, психолог, психотерапевт, психиатр көмегіне жүгіну суицидке жол бермейтін ең тиімді шара.

Ең бастысы ол адам өз ойымен жалғыз қалып кетпей, айналасындағыларға өзінің керек екенін сезінуі тиіс. Бұл үшін ашық әңгімеге тартып, өзгеруіне түрткі болған себепті білу маңызды. Суицидке қатысты ой негізінен, тығырыққа тірелген, қандай да бір жан жарасы бар адамдарда туындайды. Бізде қазір бала мен ата-ана, мұғалімдер арасында ашық диалог жоқ. «Мінезі өзгеріп кетті, түзелер» деген салғырттық соңы жақсылыққа әкелмейді. Мәселен, сенім телефонына хабарласатын 20 мен 40 жас аралығындағылардың көбісі ойынқұмарлыққа салынып, тығырыққа тірелгендер. Ал, 13-14 жастағыларда ата-анасымен, мұғалімімен тіл табыспау, «бала махаббаттың» жауапсыз қалуы сынды себептер басым. Қазіргі балалар әлеуметтік желілер арқылы барлығын біледі. Олар жан-жақты жетілген.

Суицид жасағысы келген жасөспірімдермен сөйлесу барысында байқағаным, олар бізге ата-аналары мен мұғалімдерге түсіндіре алмаған өздерінің ішкі жанайқайларын жеткізгісі келеді. Сол себепті, ата-ана да, мұғалім де баламен арадағы әңгімеге, яғни, әрбір сөзіне өте жауапкершілікпен қарағаны абзал. Суицидтік қауіп-қатердің алдын алуда мұның бәрі маңызды рөл ойнайды. Қандай жағдайда да мамандар кеңесіне жүгінген жөн. 8727-376-56-60, 87089832863 телефондары халыққа тәулік бойы қызмет көрсетеді. Біздің орталық шұғыл түрде көмек берумен қатар, қажеттілік болса құзырлы органдар қызметкерлерін де жұмылдырады.

**Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ,** *«Заң газеті»*

## БІЛГЕН ЖӨН

# ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТЫ ТІРКЕУ - МІНДЕТТІ РӘСІМ

Біздің мемлекетіміздің кез келген азаматы жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде немесе онымен мәмілелер жасасу кезінде өз құқықтарын тіркеуі керек. Себебі, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу міндетті рәсім болып табылады. Жылжымайтын мүлік объектілеріне жермен тығыз байланысты ғимараттар, жер учаскелері, құрылыстар және т.б. жатады.

Бұл қызметті алушылар «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ нотариатсыз мәмілелерге немесе нотариусқа құқықтарды электрондық тіркеуге жүгіне алады. Электрондық тіркеу кезінде мәміле нотариаттық куәландырылғаннан кейін автоматты түрде бірыңғай нотариаттық жүйеден құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне түседі. Азаматтар жылжымайтын мүлікке қатысты мәмілелерді рәсімдеу кезінде объектінің орналасқан жеріне қарамастан еліміздің кез келген

нотариусына жүгіне алады. Электрондық тіркеу құжаттар құқық кадастрының ақпараттық жүйесіне келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі. Сондай-ақ, Э нотариаттық мәміле негізінде 2 сағат ішінде жеделдетілген тіркеу көзделген. Азаматтар тіркелген құқықтар туралы ақпаратты egov.kz порталында электрондық түрде ала алады.

**Диана ЖАХИНА,** *Ақмола облысы Әділет департаментінің жетекші маманы*

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ТИІМДІ САЯСАТ – ӘЛЕУМЕТ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан өңірлердің теңгерімді дамуына ықпал ету Сенаттың басым міндеттерінің бірі ретінде белгіленіп отыр. Бұдан бөлек облыстардың инфрақұрылымдық мәселелері сенаторлардың ерекше назарында болады.

Мәулен Сағатханұлы өз сөзінде: «Мемлекет басшысы «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасы арқылы өндіріс қуатының тозуына азайту туралы нақты тапсырма берді. Бұл ретте өңірлердегі жылумен жабдықтау желілерін жаңғырту жұмыстарын жандандыру аса маңызды. Олардың 50 пайыздан астамы әбден тозған. Кейбір аймақтарда бұл көрсеткіш 80 пайызға дейін жеткен. 2023 жылғы бюджетті нақтылау аясында осы мақсатқа қаржы бөлу жоспарланып отыр. Азаматтардың әл-ауқатына тікелей қатысы бар осы мәселелерді дәйекті түрде шешу қажет», – деп өңірлердің негізгі проблемаларына назар аударды.

Жиында қосымша баяндама жа-

саған Сенатор Серік Шайдаров бұл мәселелердің нақты себептерін атап көрсетті. Оның айтуынша жылу желілеріне қатысты қиындықтардың туындауына олигополия және жылу мен электр энергетикасы кәсіпорындарының аффилирленуі ықпал етіп отыр. Бүгінде жылу электр орталығының шамамен 60 пайызы жеке меншікте, олардың көпшілігі 1990 жылдары жекешелендіру барысында тым арзан бағамен сатып алынды. Сонымен қатар, Қазақстанда 64 пайыз электр энергиясын тек 5 компания өндіреді. Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін Үкімет «Жылу энергетикасы туралы» заң жобасын әзірледі. Өкінішке қарай, бұл құжатта қазіргі сыни жағдайды түзету үшін нақты шаралар қамтылмады. Жағдайды толық білу үшін, өңірлерде, әсіресе ауылдық елді мекендерде су құбыры желілерін түгендеу жұмыстарын жүргізу қажет.

Сол секілді жергілікті жолдардың барлық учаскерлері диагностикалануы және паспорттауы керек. Бұл ағымдағы жағдайды анықтау және

жөндеу жұмыстарын қаржыландырудың оңтайлы тетігін әзірлеу үшін маңызды. Бұл шара тек өңірлердің нақты қажеттіліктерінен туындауы тиіс. Мемлекет басшысы атап өткендей әкімдердің «қол жеткізу қауқарына», біреулердің жеке қалауына және басқа да субъективті факторларға тәуелді болмауы керек. Сонымен қатар, жергілікті жолдарды күтіп ұстау және пайдалану жөніндегі жұмысты жетілдіру мақсатында жол-пайдалану мекемелерін күшейте отырып, бірыңғай оператор құру қажет. Олардың жұмысын жергілікті атқарушы органдар бақылайтын және қабылдайтын болу керек.

Инфрақұрылымның тозуы өңірлердегі жұмыс орындарының жетіспеушілігімен қатар көші-қон процестерінің күшеюіне әкелетінін түсіндіретін мәселенің бірі. 2010–2020 жылдар аралығында көші-қон ағыны есебінен халықтың өсуі Ақтөбе облысында, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында байқалды, бұл өңірлерде бүгінгі өзінде ел халқының

36 пайызы тұрады. Сонымен қатар, халықтың жүйелі түрде кетуі Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында орын алуда. Мұның бәрі, сайып келгенде, өңірлер арасындағы елеулі әлеуметтік және экономикалық теңгерімсіздіктерге ғана емес, сондай-ақ, елді мекендердің, әсіресе шекара маңы облыстарының әлсіз қоныстануына байланысты ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің туындауына алып келеді. Сондықтан, өңірлерде жұмыс орындарын ашу және инженерлік инфрақұрылымды дамыту жақын арада орталық және жергілікті билік үшін басым міндет болуға тиіс. Бұл ретте бұл жұмыс, ең алдымен, өңірлік стандарттар жүйесіне байланысты және қалалық, ауылдық тұрғындар үшін әлеуметтік және инженерлік-техникалық инфрақұрылымдар объектілері мен қызметтерінің қолжетімділігінің ең төмен міндетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталып жүргізілуі тиіс. Бұл орайда 2019 жылдан бастап

қолданыстағы өңірлік стандарттар жүйесі қайта қарауды талап етеді. Өйткені, ауылдық елді мекендер үшін бекітілген объектілер мен қызметтер тізбесі ветеринариялық пункт, мал қорымдары қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары сияқты маңызды орындарды көздемейді.

Басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді теңгерімді бөлу жөніндегі жұмысты күшейту қажет. Жергілікті атқарушы органдар өңірлердегі проблемаларды шешу үшін жеткілікті өкілеттіктерге ие болуға тиіс. Ал өңіраралық мәселелер орталық деңгейде шешілуі керек. Проблемалардың ауқымдылығы мен өзектілігі өңірлердің одан әрі тиімді дамуын қамтамасыз етуге қауіп төндіретіні сөзсіз. Сондықтан өңірлік саясатты жетілдіру бойынша жедел және ұтымды шаралар қабылдаудың маңызы зор.

Іс-шараны қорытындылаған Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев айтылған барлық ұсыныс Парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша әзірленетін ұсынымдарға енгізіліп, Үкіметке жіберілетінін айтты. Сондай-ақ, ол мәселелер Сенаттың нақты жұмысында да ескеріледі.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

КӨКЖИЕК

## «ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» – КЕРЕК ЖОБА

Соңғы үш жылда үш ауысымды мектептердің саны 32 пайызға көбейіп, республика бойынша үш ауысымда сабақ беретін мектептердің саны 169-ға жеткен көрінеді. Елімізге көшіп келушілер саны да артып барады, туу көрсеткіші де жоғары. Сәйкесінше, мемлекет халық өсіміне сай мектептер санын арттыруға тырысуы керек. Дәл қазір мемлекет бұл мәселені «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы арқылы шешуге тырысуда.



Ұлттық жоба аясында 2025 жылдың соңына дейін 800 мыңнан астам оқушыны қамтамасыз ететіндей мектептер салынуы жоспарланған. Бұл еліміздегі үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін толығымен шешуі керек. Былдан бастап жүзеге асырыла бастаған «Жайлы мектеп»

жобасы аясында салынған мектептер заманауи форматқа сай, құрылыстың бірыңғай стандарттары сақталып, заманауи пән кабинеттерімен, зертханалармен жабдықталуы тиіс. Құрылыс және әрлеу материалдарының сапасы жоғары болып, қыздар мен ұлдарды еңбекке тәрбиелеу үшін

әр мектепте арнайы шеберханалар салу да жоспарланған көрінеді. Шын мәнінде бала болашағым дейтін ел үшін мұндай мектептер керек-ақ! Ең бастысы ұлттық жоба арқылы елімізде біртіндеп бірауысымды оқу форматына көшіруге ықпал етеді деп күтілуде.

Мұндай заманауи мектептер тек қалаларда ғана салынбай, алдағы уақытта ұлттық жоба аясында жыл сайын шағын қалалардағы, аудан орталықтары мен ауылдардағы кемінде мыңнан астам мектеп заманауи талаптарға сай жаңартылмақ. Көп жағдайда дарынды балалар осындай заманға сай жабдықталған, жетілдірілген мектептерден шығып жататынын ескерсек, «жайлы мектептің» де оқушылары алдағы уақытта білім сайыстарында топ жарып, ел үмітін ақтаса құба құп. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында роботехника, химия, биология, физика пәндері бойынша кемінде 7 000 заманауи мектеп кабинеті ашылса әрине ондай оқушылардың да саны артары сөзсіз.

«Жайлы мектеп» балаларға сапалы білім беріп қана қой-

май, спортты да қатар алып жүріп, демалуына да жағдай жасамақ. Яғни «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында еліміз бойынша балаларды сауықтыруға арналған 50 лагерь ашылады деп жоспарлануда.

ҚР білім беру ісінің үздігі Сараш Қоңырбаева «баланың білім алуына да демалуына да көңіл бөлген мұндай бағдарлама да бұрын соңды болмаған. «Жайлы мектеп» жобасы елдегі білім беру саласын бір серпілтіп тастайтын жоба болады деп үміттенемін. Әр балаға қалаған спорттық үйірмесіне тегін қатысуға мүмкіндік берілуі де өте керемет. Шыны керек былтыр тегін үйірмелердің тоқтауы халықты айтарлықтай алаңдатты. Өйткені көп ата-ананың жағдайы баласын қандай да бір үйірмеге ақылы беруге жағдайы көтере бермейді. Ал қолы бос бала әрнәрсеге ұрынады. Сондықтан үйірмемен де қамтамасыз етіп, оқушылар сарайы, жас техниктер стансасы, музыка және өнер мектебі, балалар технопаркі ашылады деп жоспарланып отырған жоба тек көздеген мақсатына жетсін деп тілейік. «Жайлы мектеп» жобасының ел үшін маңызы зор!» дейді.

Аты айтып тұрғандай оқушыға да, қоғамға да жайлы, қауіпсіз болып сапалы білім беруді көздейтін жоба шын мәнінде талай мәселені шешімі болады деп күтілуде.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

## БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Халық «Дені сау ұлт» ұлттық жобасынан үлкен үміт күтуде. Өйткені бұл жоба ең алдымен үлкен міндеттер жүктеп, нақты мақсаттар қоюмен құнды болып отыр. Яғни, нақты жоспары бар, сол жоспар аясында мақсаты да айқын, бөлінетін қаржы көлемі де нақтыланған. Егер жоспар аясында әрекет етілсе салада үлкен игі істер жүзеге асырылады деп күтілуде. Мәселен, ұлттық жоба аясында азаматтардың өмір сүру ұзақтығын 2020 жылғы 71,37 жастан 2025 жылы 75 жасқа дейін ұлғайту міндеті тұр. Бұл көздеген мақсат халықтың денсаулық жағдайын нығайта отырып, өмір сүру жасын ұзартуға жол ашатыны сөзсіз. Яғни, халықтың денсаулық жағдайын жақсартуға көңіл бөлінеді.

Сондай-ақ, «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы арқылы халықтың медициналық қызметтер сапасына қанағаттану деңгейін 2020 жылғы 53,3%-дан, 2025 жылы 80%-ға дейін арттыруды мақсат етіп отыр. Ал бұл межеге медициналық қызмет көрсету сапасын арттыра отырып, халық көңілінен шығу арқылы жетеріміз анық. Демек, ұлттық жоба бастан аяқ нақты міндеттер арқылы үлкен мақсатқа жетуді көздеп отыр.

Жобаның әсіресе, төртінші бағыты салауатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыра отырып, бұқаралық спортты дамытуға ден қойып отырғаны қуантады. Өйткені, қанша айтсақ та, елімізде бұқаралық спорт дамымай жатқаны ашы да болса шындық. Барша халыққа спортпен айналысатын орталықтар қолжетімді емес. Еліміздегі барлық балалар спорттық үйірмелерге тегін қатыса алмай отырғанын ескерсек ұлттық жобаның төртінші бағытының орындалуын халық асыға күтіп отыр. Осы бір олқылықтың орнын толтыратын жоба көздеген мақсатына жетсе болғаны. «Спорт денсаулық кепілі» ұстанымына сай, спортпен достасқан елдің денсаулығы мығым болары сөзсіз. Сондықтан, жан-жақты міндеттер жүктеген «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы халықтың көңілінен шығып отыр.



Медицина ғылымының докторы, профессор Белгібай Шахметов «Дені сау ұлт» ұлттық жобасының алдына нақты мақсаттары қоюы ұнап отыр. 2025 жылы 1000 тірі туғанға шаққанда 7,2-ге дейінгі нәресте өлімін азайту, 2025 жылы 100 мың тірі туғандарға шаққанда ана өлімі 10,0-ға дейін кеміту, 2025 жылы денсаулық сақтаудағы негізгі капиталға инвестициялар 2019 жылғы деңгейге қарағанда нақты өсімінің 372,2%-ына дейін жеткізу секілді міндеттер саладағы өзгерістердің қай бағытта жасалып жатқанын айқындайды. Дәрігерлердің орташа жалақысы 2023 жылға қарай 2,5 есе өсетіні де айтылып отыр. Ұлттық жобаның шеңберінде елдегі 5 медициналық ЖОО-ның жанынан университеттік ауруханалардың құрылысын салуды жоспарлап отыр. Демек, оқу процесін нақты тәжірибемен ұштастыра отырып еліміздегі мамандардың да тәжірибесін шыңдай аламыз. Атап айтқанда, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе мен Нұр-Сұлтанда ауруханалар бой көтерсе халыққа да медициналық көмек қолжетімді болар еді. Яғни, университеттік ауруханалар арқылы еліміздегі ауруханалардың да саны көбейе түспек. Сонымен қатар, Түркістан, Петропавл мен Көкшетау қалаларында 3 көпсалалы аурухана салынады. Оның құрылысы жобаны іске асырудың бірінші кезеңінде, демек, 2025 жылға дейін жоспарланған. Мұның бәрі саладағы игі істер. Ұлттық жоба біткенде біз нақты не талап ететінімізді білеміз» дейді ғалым.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

МӘСЕЛЕ

## АУРУЫН ЖАСЫРҒАН ӨЛЕДІ

Дегеніміз орындалмай, қапыда қалып жатқанда қажекеңнің «Әй, қап» дейтін сөзі бар. Тарих сахнасында 4 жылдан аса уақыт ғұмыр кешкен «Айқап» журналының да атауы осы бір сан сабапап, «қапқа» салатын тіркеске қатысты аталғаны да белгілі. Алайда, бүгінгі жазбамызда журнал жайы сөз етілмек емес. Дегенмен, «Әй, қаптап» қалған бір мәселе жайында болмақ.

Қолымызды мезгілінен кеш сермеп, болған істің бояуы сіңген уақытта қимылдайтынымыз жасырын емес. Мәселе, Петропавл қаласында орын алған жаға ұстатарлық жайт жайлы болмақ. Білмеген нәм естімеген құлақ болса айтайық, Петропавлдағы №4 орта мектебінің 9-сынып оқушысы таңғы сабаққа өзімен бірге балта мен пышақ ала келген. Сөмкесіне жасырған суық қаруды теріс пиғылда пайдаланып, 1 қыз, 2 ер балаға дене жарақаттарын салып үлгерген. Иығы мен бас жарақатын алған екі бала облыстық балалар ауруханасында емделуде, ал бір оқушы оқиға орнында алғашқы көмек алған. Қазіргі жағдайда білім мекемесінде тексеріс жұмыстары жүргізілуде. Полицияның тергеу тобы мәселені зерделеп, Солтүстік Қазақстан

облысының білім басқармасының, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті, ювеналды полиция өкілдері төтенше жағдайды толық анықтау мақсатында комиссия құрамында жұмыс істеуде. Қалалық мамандандырылған тергеу соты көмелетке толмаған Д.-ны 2 ай уақытқа қамауда ұстау туралы санкция берді.

Өңірлік прокуратураның алдын ала мәліметі бойынша оқиғаға қатысты білім алушының психиатрлық есепте тұратыны белгілі болды. Былтырғы жылдың 2 қыркүйек пен 24 қараша аралығында психдиспансерде емделгені де анықталды. Осы тұста заң әлсіздігі де байқалатындай. Психиатрлық есепте тұратын бала жалпы білім беру мекемесінде білім алуға рұқсат етілгені де көңілге сиымсыз жағдай емес пе? Әрине, болар іс болды, бояуы сінді. Абырой болғанда оқиға қайғылы аяқталмады, алайда іс мүлде басқаша өрбесе ше?! Біздің «Айқап» осында. Біреу жұрттың баласын майып қылмайынша қаперсіз қалыпта отыра береміз. Болған іске сыншы көптің керісін келтіріп, түстен кейін үн қосты демессіздер. Бұл қапысыз қала берсе болашақта да қайталанар, ұлт уайым шегетін мәселе!

Даулы ата-ананың қарқынынан қорқып, белгілі ауруы бар, жалпы қоғамда білім алуға қауіпті оқушыларға да дәрігерлік шектеу тағайындай алмай отырған ақ халаттылар бар екенін көпшіліктен жиі естиміз. Мүмкін арнайы мекемелерде оқытармыз, мүмкін жеке үй-жайда білім берерміз, қоғамға қауіп төндіретін жастарды оқшаулауымыз керек.

Білім беру ісінде көпшілікпен оқуға денсаулық жағдайы жеткіліксіз балаларды үй-жайларда оқыту деген амал бұрыннан бар. Енді оны заң аясында тексеру керек. Бармақ басты, көз қысты, ат үсті қаралып мектеп қабырғасында заңсыз білім алып жүрген оқушы да, студент те жетерлік. Тіпті, оқушы уағында қашықтықтан білім алып, студенттік уақытын колледж, университеттерде өткізіп жүрген жастар бары да өтірік емес. Заңды күшейту тек білім саласындағы тексерістер санын ұлғайтумен ғана болмауы керек. Бала денсаулығын оқу ісіне жарамды деп таныған дәрігердің де жауапкершілігі артуы қажет. Мектеп қабырғасындағы күзет қызметінің де сапасын арттыру кезек күттірмейтін мәселе.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

ПАЙЫМ

ПІКІР

АЛҚАБИ БОЛУ - ЖАУАПТЫ ІС

Алқаби сотын көп жағдайда «қоғамдық ар-ұждан соты» деп айтады, ол қоғамда ақиқат пен әділеттілік туралы ұғымды дерексіз емес, нақты түсініктер арқылы қабылдап, қолдайды.

АР-ҰЖДАН СОТЫ

Қазақстанда алқаби соты енгізілгеннен бері бірнеше жыл өтті, осы кезеңде алқаби соттары біршама тәжірибе де жинағаны анық. Соттарда алқабилердің қатысуымен қарайтын істердің көбеюі оған сенімнің артып отырғанын білдіреді. Сот төрелігінің осы институтына туындап отырған қызығушылық оның өміршеңдігі мен маңыздылығының белгісі. Әрине, алқабилер сотына үдіктер де, сын да айтылады. Атап айтқанда, қарсы пікір білдірушілер алқаби сотын енгізу әлі ерте, ондай сот біздің менталитетімізге жат деген уәждер келтіреді. Кейбіреулер мұны шығарылған сот шешімінің себептерін заң ғылымына және практикасына ешқандай қатысы жоқ адамдардың, кейбір жағдайда тіпті, мамандар үшін де қиын болып табылатын кінәлілігі, дәлелділігі, жауаптылығы туралы аса күрделі мәселелерді шеше алмайтындығымен түсіндіруге тырысады.



расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме? Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады. Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалылық қағидатын сақтай отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. Бұл ретте қоғам мүддесін білдіретін алқабилердің моральдық бейнесі кіршіксіз, азаматтық ары таза, адамгершілік ұстанымы жоғары болуына баса назар аударылады. Өкінішке қарай, алқабилер тізімін жасаған кезде құзырлы органдар тарапынан тексеру жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі салдарынан олардың қатарына өткен өмір жолы күмәнді, жауапкершілік жүгін жете түсінбейтін, тіпті, тәртіпсіз адамдардың да еніп кеткен фактілерінің бар екенін жасыруға болмайды. Әрине, көш жүре түзеледі дегендей, алқабилердің болашағы зор екені және оны халқымыздың қолдап отырғаны сот жүйесіндегі үлкен өзгерістің дұрыс екендігін айқын көрсетеді.

атқару бір судья мен екі халық заседателінің қатысуымен жүзеге асырылды. Ал 1995 жылдан бастап сот үкімін шығаруды тек кәсіптік судьялар қолға алды. Әрине, алқабилерді

қатыстырып сот ісін қарау жүйесін әңгіме еткенде, зерттеушілер оларды англо-саксондық және құрлықтық құқықтық жүйе түрлері деп екіге бөледі. Қолданыстағы заңдарды пайдаланып, соның негізінде өздерінің сот жүйесін құрған Англия, Америка, Канада және басқа елдер соты англо-саксондық құқықтық жүйедегі мемлекеттерде присяжнийлар кеңесу бөлмесінде өздері ғана болып, шешім шығарады. Ал құрылықтық жүйедегі мемлекеттерде присяжнийлар соты шешімді кәсіптік судьямен бірге отырып шығарады.

Қай жүйеде болмасын бұлар, негізінен, төрт сұраққа жауап беруге тиіс. Біріншіден, қылмыстық оқиға орын алды ма, екіншіден, егер қылмыстық оқиға болса, онда жаңағы айыпталып отырған адамның қатысуымен өтті ме, үшіншіден, ол қылмысты жасады ма, төртіншіден, осы айыпталып отырған адам жасаған қылмысына кінәлі ме?

«Алқабилер туралы» заңға сәйкес елімізде алқабилер 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық істерге қатыса бастады. Олардың асықпай шешім шығаруына барлық жағдай жасалған. Нақты бір істі қарауға таңдалған алқабилер қанша қажет болса, сонша рет сот процесіне қатысады. Оларға кәсіптік судьялар жалақысының 50 пайыз көлеміндегі айлық төленеді. Дегенмен, бәрі олардың сот ісіне қатысқан күндер санына байланысты. Ал алқабилер жасақталғаннан кейін босаған қалған үміткерлерге олардың сотқа шақырылған, келген күндеріне ақы төлеу мен қызмет орнындағы айлықтарының сақталуы заңда қарастырылмаған. Алқабилер тізімін жасақтау жергілікті әкімдіктерге жүктелгендіктен, олардың арасына талапқа сай келмейтін адамдар да қоса ілеседі. Сондықтан ол тізімдегі үміткерлерді компьютер арқылы таңдағанда небір адамдардың алқаби болып шыға келетіні сөзсіз. Дегенмен, бұл кемшіліктердің бәрі түзелетін қолдағы іс. Ең бастысы, алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатады. Бұл – сотқа деген сенім.

Ө.ҚАРЕКЕНОВ Қаратөбе аудандық сотының судьясы, БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

СЕМИНАР

ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

Атырау облыстық сотында ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша басқармасы өкілдерінің қатысуымен семинар өтті. Оған Соттар әкімшісі басшысының орынбасары, Соттар әкімшісінің талдау және жоспарлау бөлімінің басшысы, мамандары, облыс соттарының кеңсе меңгерушілері мен сот қызметкерлері, ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша басқармасының бөлім бастығы және бөлім прокуроры қатысты.

қықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Атырау облысы бойынша басқармасы бөлімінің бастығы Болат Сүлеймен аталған мәселе бойынша кеңінен тоқталып, ақпараттық жүйеге статистикалық мәліметтерді енгізу кезінде жиі жіберілетін қателіктерге назар аударып, қылмыстық статистиканы қалыптастыру ерекшеліктерін айтты.

Екі мекеме арасындағы құқықтық статистиканың нақтылығын, мерзімділігін қамтамасыз ету және өз өкілеттіктері шегінде статистикалық мәліметтердің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру бойынша сұрақтары талқыланды.

Семинар барысында өзекті мәселелер көтеріліп, қатысушылар өзара пікір алмасып, ұсыныстар айтылып, туындаған проблемаларды дереу шешудің жолдары қарастырылды.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы органдар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқаби мүшесі сот басталар алдында ант қабылдайды. Олар өздерінің ішкі наным бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны

АСЫЛ ҚАЗЫНА

ТЕМІР ТОЗАДЫ, ҰРПАҚ ОЗАДЫ

Ұлт болып қалыптасу үшін және ұлт болып сақталу үшін ең бірінші – тіл қажет. Қадыр Мырза Әли айтқандай, – «Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл». Ұлттық тілді дамыту арқылы өзіміздің атымызды әлемге танытамыз.



Саïда БЕКТИЙЕВА, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маман – сот мәжілісінің хатшысы

Қазіргі таңда қазақ тілінің қоғамдағы орны көңіл көншітпейді. Бұған әсер еткен бірнеше факторларға тоқталатын болсақ, біріншіден, барлық мәселе адамның өзінен басталады. Қазақ бола тұра өз тілінде сөйлеуге ұялып, басқа тілде сөйлейтіндер тілдің қолданысын тарылтады. Мемлекеттік тілді білу әрбір азаматқа парыз. Қандай қызметке барса да мемлекеттік тілді білу деңгейі анықталуы қажет.

Қазақ тілін өз мәртебесінде келесі ұрпаққа аманат ету – бізге парыз. Ол үшін саясат немесе жоспар арқылы әрекет ету қажет. Қасымыздағы адамға тіліміздің қандай бай екенін насихаттаудың өзі үлкен ерлік.

Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ тілін қолдануы. БАҚ-ты қарасақ қазақ тіліндегі ақпараттарға қарағанда, басқа тілдегі ақпараттар саны көп. Міне, осы арқылы қазақ тілі жойылып кетуге бір қадам жақындай түседі. Керісінше болған жағдайда отандық БАҚ қазақ тілінің дамуына өлшеусіз үлес қосар еді.

Қазақ елі ұлт болып қалу үшін қазақ тіліміздің мәртебесін көтеріп, келесі ұрпаққа жоғары дәрежеде жеткізу бізге міндет. Шыңғыс Айтматов айтқандай, «Тілі мәңгі жасаған халық өзі де өлмейді». Тас үгітіліп құмға айналады, темір тозады, ұрпақ озады, бұл кең дүниеде тек дархан даланың қоңырау желі ескен көркем тілі өлмейді.

ЛЕБІЗ

КЕШІГІП ЖЕТКЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуде «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заң қабылданғаннан кейін сен қозғалды. Соттар әкімшісінің құрылуы судьялардың мойнынан артық міндеттерді алып тастады. Сонымен қатар Жоғарғы Соттан бастап барлық жергілікті облыстық, қалалық, аудандық және оларға теңестірілген соттардың материалдық-техникалық және қаржылық жағдайы тез арада өзгеріп, оң шешімін таба бастады. Содан бергі 15 жылдың көлемінде жағдай қарқынды жақсарды. Аталған құрылым Жоғарғы Сот жанындағы Соттарды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету департаменті (ЖС аппараты), облыстардағы уәкілетті органдар Сот кеңсесі деп өзгергені белгілі.

Ақмола облысының Егіндікөл аудандық соты да мемлекет тарапынан жасалынған сол қамқорлықтарды көзімізбен көріп, игілікті істердің нәтижесіне куә болғанымызды атап өтпеу мүмкін емес. Алайда қоғам алға қарай ілгерілеген сайын, адам са-

насының да тұрмыстық жағдайдың қолайлылығына деген сұранысы арттыны табиғи заңдылық екені айтпаса да түсінікті. Жасыратыны жоқ, біздің де аудандық соттың судьялары мен сот кеңсесінің мамандары және кіші қамту қызметкерлері кейінгі кездері, сот ғимаратына ауыз су кіргізілсе деп армандайтынбыз. Жұмысқа келерде әркім өзімен бірге пайдалануға қажетті суды құтыға құйып ала келетініміз де шындық. Әсіресе, ғимараттың тазалығына жауапты Бақыт апайымыз жазда таяу жердегі арықтың суын пайдаланса, қыс бойы суды үйінен таситын.

Өткен жылдың екінші жартысында аудандық сотқа төраға болып Кабира Мұхамедсағиқызы келген бетте, аталған мәселені облыстық соттың төрағасы Арман Жүкеновтің назарына жеткізді. Облыстық Соттар әкімшісі басшысы Данияр Сапарбектің құзыреттілігі шеңберінде жарияланған тендер қорытындысы бойынша мемлекеттік тапсырысты алған жеке кәсіпкер М.Серікбаев ғимаратқа су құбырымен бірге, дәретхана орнатып, орталық кәріз жүйесіне қосып берді.

Аудандық соттың ұжымы атынан Ақмола облыстық сотының төрағасы А.С.Жүкеновке, облыс бойынша Соттар әкімшісінің басшысы Д.Сапарбекке шексіз алғыс айтамыз!

С.БАЙҒАБУЛОВ, Егіндікөл аудандық сотының кеңсе меңгерушісі АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Нүркен АЙТЫМБЕТОВ,

Саяси зерттеулер орталығы директорының орынбасары:

# «ЖАС ҒАЛЫМДАР ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ»

кеттен бөлінген үш жылдық грант шеңберінде қаржыландырылады. Сондықтан көбінде ғалымдарды мемлекет саясатын ынталандыруға, бір сөзбен айтқанда мемлекеттік идеологияға қызмет етуге жегеді. Яғни, өзінің мақсатына барынша пайдаланып қалуға тырысады. Оның қарым-қатынасы былай: «бізден ақша алып отырсың, бізге пайданды тигіз!» деген мақсатпен мемлекет ғалымдарды әлеуметтік-гуманитарлық саланы дамытып жатыр деп ойламайды. Қоғамның түрлі саласын дамыту бойынша пайдалы ғылыми ұсыныстар беріп жатыр деп оған сұраныс жасамайды. Ғалымдарға тек ақпараттық машинаның бір бөлшегі ретінде ғана қарайды. Сондықтан, ғалымдар тұрақты түрде мемлекеттік саясатты насихаттауға мәжбүр. Билікті халыққа оң жағынан көрсету үшін жолдау, жарлық, бағдарлама, Президенттің сөйлеген сөздерін халыққа түсіндіруге ғалымдарды жегіп қояды. Тіпті, кей жағдайда құзыретті орган өкілдерінің интернетте жарияланған мақалаларының астына жағымды комментарийлар қалдыруға да итермелеп жатады. Мәселен, наурыз айында өтетін Мәжіліс сайлауына жарыса пікір жазып, оны апта сайын талқылауды бастап кеттік. Бұл мемлекет тарапынан фундаментальды ғылыми зерттеу саласына деген көзқарастың жоқтығын көр-

– Ғылым қарыштап алға дамуы үшін ғалымның мәртебесі жоғары болу керек қой.

– Біздің қоғамда ғалым мен педагогтың мәртебесі әлі күнге дейін төмен. Ғалымдардың және университетте сабақ беретін педагогтардың мәртебесін көтеру керек. Мысалы, 2-3 жыл бұрын Асхат Аймағамбетов Білім және ғылым министрі болып тұрғанда мектептегі мұғалімдердің жалақысын көтеруге көп көңіл бөлді. Университеттегі педагогтар назардан тыс қалып қалды. Университетте сабақ беретін мұғалімдердің біріншіден, жалақысы аз. Екіншіден, оларды сабақ беруге де, ғылыммен айналысуға да мәжбүрлейді. Олар екі жаққа да үлгеруге тырысады, сол себепті білім беру мен ғылыми жұмыс жазу сапасына көп жағдайда нұқсан келіп жатады. Өйткені, оған тиісті жағдай жасалмаған. Оқытушылардың көп уақыты бюрократиялық жұмысқа, сабақ беруге кетеді. Қазақстан қоғамында ғылыммен айналысатын адамның жалақысы күнкөріске жетпейді. Сондықтан ол университеттерде қосымша сабақ алып, қосымша табыс табуға мәжбүр. Зерттеу институттарында істейтін көп ғалымдардың ғылыми жұмыспен қатар, жоғары оқу орындарында сабақ беретіні осыдан. Бұл ғылыми жұмыстың сапасына тікелей әсер етеді. Ғалым өзінің зерттеу жұмысымен күнделікті айналысуы керек. Олар ғылыммен тұрақты айналысқанда ғана үлкен нәтиже болады. Күнкөріс қамымен жүрген ғалым ғылымда да, білім беруде де жақсы көрсеткішке жетпейді. Яғни, олар жарытып білім де бермейді, ғылымда да жарытып жаңалық ашпайды. Еуропа елдерінде ғалымдар мен педагогтарға барлық жағдай жасалған. Ғылыми жоба шеңберінде көптеген зерттеу жүргізіп, баратын жеріне емин-еркін барып, далалық зерттеулер жүргізіп үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Оған мемлекет тарапынан да мүмкіндік жасалған. Яғни ғалым мен педагогтың қоғамдағы мәртебесі бірінші кезекте оның беделімен есептеледі.

– ҚР Ұлттық ғылым академиясының мемлекеттік мәртебесі қоғамда қызу талқыланған

тақырыптың бірі болды. Бұл мәселеге қатысты пікіріңіз қандай?

– Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының 75 жылдығымен құттықтаған кезде ҚР ҰҒА-ға мемлекеттік мәртебе беру, академиктерді мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру, оларға қайтадан өмірлік стипендия беруді көтерген болатын. Содан қоғамда бұл ұсынысты белсенді азаматтар мен жас ғалымдар қызу талқылап, бірі қолдап, бірі қарсы шықты. Қолдаушылар ҰҒА маңайында жақын жүрген адамдар болса, қарсы шыққандар негізінен жас буын мен жаңа көзқарастағы азаматтар болды.

Шындығында ҚР ҰҒА кеңес дәуірінде атағы жер жарған ұйым еді. 2002 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев оны таратқан соң қоғамдық бірлестік ретінде ғана қалды. Оның құрамына кіретін 40-қа жуық ғылыми-зерттеу институттары Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өтті. Содан бері ҰҒА-ның қоғамдағы мәртебесі күрт төмендеді. Ықпалды адамдар академик, болмаса корреспондент-мүше деген атақтарды оңай ала бастады. Олардың арасында нағыз ғалымдармен қатар, бұрынғы шенеуніктер де толып жүр. Атап айтқанда, Парламент мүшелері, депутаттар, бұрынғы әкімдер, ректорлар да аз емес. Бұл ҰҒА абыройының қоғамда өте қатты әлсірегенін көрсетті. Қоғам белсенділері академияны мемлекет тарапынан қаржыландыру пайдасы жоқ тірлік деп санайды. Яғни ҰҒА-ны мемлекет тарапынан қолдап-қолпаштағанмен, ол ғылымға пайдасы жоқ ескірген кеңестік ұйым болып қала береді. Оған мемлекеттік мәртебе беру де бұрынғы деңгейіне жеткізбейді. Өйткені, Кеңес дәуірінде ғылымның барлық баспалдақтарынан өткен нағыз академиктердің саны бүгінгі күні азайып, селдіреп қалды. Ал ғылымға қатысы жоқ адамдар арқылы оның мәртебесін көтергенмен, ҰҒА-ның жақын арада бұрынғы атақ-абыройын қайтарып алуы екіталай.

– Сұхбатыңызға рақмет. Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

Ғылымда өзін танытқандардың көбі зейнет жасындағылар. Олардың алды 80-90 жаста. Орта буын жоқ. Олар 1990 жылдардағы дағдарыс уақытында ғылымды тастап бизнеске кетіп қалған. Жас буын соңғы 5 жылда университет бітіріп, ғылыми жұмысын қорғап келгендер. Кеңес дәуірінде келе жатқан кадрлардың тәжірибесі мол, жаңадан келген жастардың тәжірибесі аз, сондықтан жастар аға буынды қуып жете алмай келе жатыр дегуе болады. Ол ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында қатты сезіледі. Техникалық және физика, ядролық физика, химия, медицина сияқты салаларда ашылып жатқан жаңалықтар ғалымдарға біршама пайда әкеледі. Оны жеке компаниялар қаржыландыруы мүмкін және олар өздерінің ашқан жаңалықтарын нарыққа шығарып сата алады. Сұраныс бар. Соның бір мысалы қазақстандық өнім – «Сергек» жүйесі. Оған жеке компаниялардан болсын, мемлекет тарапынан болсын сұраныс көп. Ковид кезінде қазақстандық биологтар Казковид деген вакцина шығарды. Ол өзімізде қолданысқа енді, шетел-

дерге де жіберілді. Ал әлеуметтану, философия, саясаттану, филология сияқты әлеуметтік-гуманитарлық салаларда ашылған жаңалықтар нарыққа жол тарта бермейді. Оған сұраныс беретіндерді табу өте қиын.

– Соңғы уақытта мемлекет осы мәселені көтеріп жүр ғой.

– Әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы ғалымдар да өздерінің өнімін нарыққа шығарып

*Күнкөріс қамымен жүрген ғалым ғылымда да, білім беруде де жақсы көрсеткішке жетпейді. Яғни, олар жарытып білім де бермейді, ғылымда да жарытып жаңалық ашпайды. Еуропа елдерінде ғалымдар мен педагогтарға барлық жағдай жасалған. Ғылыми жоба шеңберінде көптеген зерттеу жүргізіп, баратын жеріне емин-еркін барып, далалық зерттеулер жүргізіп үлкен жетістіктерге қол жеткізеді.*

сату керек дейді. Ал оған сұраныс әзірше мемлекет тарапынан ғана, сондықтан қаржыландыратын тек мемлекет. Мемлекет грант бөлгеннен кейін ғалымдарды барынша өзінің пайдасына жұмсауға тырысады. Ғылыми институттар мемлекет-

сатеді. Бірінші кезекте ғылыми сала бізде дербес емес. Дамыған елдің бәрінде ол керісінше. Ғалымдар ешкімге жалтақтамай өз бетімен зерттеу жүргізеді, объективті түрде іздестіріп айналысады. Біздегі ғалымдар мемлекетке жалтақтайды.

ПӘРМЕН

## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДІ ҚОРЛАҒАНДАРҒА ЖАЗА БАР

Мемлекеттік рәміздер – әр елдің тәуелсіздігін айшықтайтын, ұлт ретінде далайтын ерекше белгі. Сондықтан оларды қолданудың арнайы шарты бар.

Біздің еліміз де егемендігін алған сәтте мемлекеттік рәміздерді дайындауға арнайы байқау өткізді. Бүгінгі Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз сол байрақты додада топ жарғандардың шығармашылық туындысы, үлкен еңбегінің, ізденісінің нәтижесі. Бүкіл халықтың рухын көтеруге, мақтанышын оятуға, бір мақсатқа біріктіруге қызмет ететін мемлекет рәміздердің терең мағынаға ие, тағылымды ойға негізделгені белгілі.

Ал енді мемлекеттік рәміздерді қолданудың тәртібі әр елде әрқалай. Мысалы, АҚШ-та мемлекеттік рәміздерді коммерциялық мақсатқа да пайдалануға болады. Бірақ, мұның өзіндік шектеулері бар. Айталық мемлекеттік туды киімге, көрпе-жастыққа, сондай-ақ, спорттық киімге қолдануға болмайды. Тек мемлекет атынан додаларға қатысатын спортшылар мен үздіктер киетін киім үлгілеріне ғана мемлекеттік рәміздерді пайдалану рұқсат етілген. Бұған қоса, туды түрлі тауарлардың жарнамасына пайдалануға, бір рет қолданылатын тауарлардың, майлықтардың бетіне салуға да болмайды. АҚШ-та мемлекеттік туды үйінің шатырына іліп, көлігінде желбіретіп жүргендерге ешқандай тыйым жоқ. Тіпті, туды дұрыс ілмеген жағдайда да ескерту жасалғаны болмаса, жаза қолданылмайды. Ең қызығы, 1990 жылы мемлекеттік рәмізге құрмет көрсетпеді деп айыпталған азаматтардың ісін қараған Жоғарғы Сот туды өртеу әрекетін ел Конституциясында кепілдік берілген сөз, пікір

айту бостандығы деп бағалаған. Германияда екі мемлекеттік рәміз бекітілген. Ол Ту мен Елтаңба. Тауар белгілері туралы заңда туды жекелеген тауарлар мен заттарды жасауда қолдануға рұқсат етілмейді. Ал тудың түсін пайдаланамын деушілерге кедергі жоқ. Десек те, ту мен елтаңбаның бейнесін тек мемлекеттік ресми органдар ғана қолданатыны тайға таңба басқандай жазылған.

Көршіміз Ресейде де мемлекеттік рәміздерді қолдануға ерекше қарайды. 2008 жылдан бері мұнда әрбір азаматтың туды өз үйінде, қызметтік бөлмесіне, жеке көлігіне мейрам күндері ғана емес, жай күндері де іліп қоюына рұқсат. Сондай-ақ, түрлі шерулерде туды көтеріп шыққандарға тыйым салынбайды. Ел үкіметі осы арқылы халықтың патриоттық сезімін оятып, елге, Отанға деген сүйіспеншілікті нығайтамыз деген пікірде.

Біздің елімізде де мемлекеттік рәміздерге деген құрмет айрықша. Еліміздің көрнекі жерлерінде, мемлекеттік ғимараттар шатырының төбесінде көк туымыздың желбіреп тұруы қалыпты көрініске айналған. Әр ғимаратқа кіргенде мемлекеттік Әнұранның мәтіні мен Елтаңбамыз бірден көзге түседі. Мемлекеттік рәміздерді сыйлаудың, құрметтеудің маңызын түсінген азаматтардың түсі оңған көк туымызды көрсе, мәтіні дұрыс жазылмаған әнұранымызды байқаса бірден жұртшылық назарын аударып, кемшілікті дереу жоюды талап етуі соңғы кезде жиі кездеседі. Бұл азаматтардың



мемлекеттік құндылыққа немқұрайды қарамайтынын көрсетеді. Бір кездері жыртылған туды іліп, көк байрақты қоқыс шығаруға пайдаланған жауапсыз жандар да кездескен. Қоғам түзмейтін, азаматтар жөнге салмайтын кемшілік жоқ. Көпшілік талап еткен соң жоғарыдағы жөнсіздікке жол бергендер жария түрде жауаптылыққа тартылған болатын. Соның арқасында қазір мемлекеттік рәміздерге құрмет танытпау жағдайлары жоққа тән.

Әрине, қоғамды тек жазалау арқылы тәрбиелеу мүмкін емес. Дегенмен, арнайы заңның болуы мемлекеттік рәміздерге деген құрметті арттырмаса, кемітпейді. Осы ретте отандастарымыз ҚР мемлекеттік Туын, мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін пайдалану, сондай-ақ, мемлекеттік Әнұранды орындау және оның мәтінін пайдалану, не мемлекеттік

рәміздерді қорлау Қазақстан заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеліп соғатынын ұмытпауы керек. Қылмыстық кодекстің 372-бабына сай мемлекеттік рәміздерді қорлағандарға екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 418-бабында. ҚР Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасына қойылатын ұлттық стандарттарды бұзуға жауаптылық белгіленген. Соған сай, Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны ұлттық стандарт талабын ескермей дайындау – жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК айыппұл салуға әкеп соғады. Мемлекеттік рәміздерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандар туралы заңнамасын бұза отырып пайдалану (орнату, орналастыру) – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Көріп отырғанымыздай, мемлекеттік рәміздерді дұрыс қолданбағандар жазасыз қалмайды. Дегенмен, Отанға, рәміздерге деген құрмет жүректе, қанымызда болуы шарт.

**Шолпан ӘЛДИБЕКОВА,**  
педагогика ғылымының кандидаты,  
Алмаз ӘСЕНҒАЗЫ,  
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті Экономика және құқық факультетінің студенті

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА

ТАТУЛАСУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ОРНЫ ЕРЕН

Сот жүйесін дамытуда және тиімді жұмыс жасауда реформалар тоқтаған емес. Оның ішінде соттағы татуласу институттарының орны бөлек. Себебі, бүтіндей сот жүйесі дауласқан тараптардың өзара ымыраға келгенін құп көреді. Қазіргі таңда сот саласында «Сотқа дейінгі хаттама» ұсыну арқылы бітімге келу ісі қолға алынғанына бір жылдан асты.



Жалпы, «сотқа дейінгі хаттама» жобасының қарастырылуы тараптарды ортақ келісімге келтіру мәселесіне заңды тұрғыда жан-жақты мән берілгенін көрсетеді. Сотқа дейінгі хаттама негізінде дауды бейбіт шешудің бірнеше тиімді тұстары бар. Біріншіден, хаттама толтыру тараптарға соттың құқықтық көмек көрсететінін білдіреді. Сотқа талап қою келіп түскен соң сот тараптарды заңға сәйкес татуластыру рәсіміне қатысу үшін шақырады. Сонымен бірге, тараптарға сотқа дейінгі хаттаманың үлгісін ұсынады. Осы ретте судья азаматтарға дауды бейбіт жолмен шешудің баламалы тәсілдерінің мүмкіндіктерінен хабардар етеді.

Екіншіден, тараптар сотқа дейінгі хаттамаға өздерінің уәждерін, талап-тілектерін, сонымен қатар іс бойынша дәлелдеме құжаттарын ұсынады. Азаматтық процесстің кодекстің 73-бабына сәйкес дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады, онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Үшіншіден, ақылға қонымды әрі ойлануға тиімді уақыт. Осыған дейін сотқа дейінгі татуласу рәсімдері талап қою келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізілетін болса, сотқа дейінгі хаттама жобасы қолға алынғалы бері ол он күнге ұзарды. Себебі, бес жұмыс күні ішінде тараптарды шақыру, олармен сұхбат жүргізу, бітімгершілікке келу бойынша ойлану,

өздерінің ұсынысын келтіру уақыт жағынан көптеген қиыншылықтар тудырған болатын. Ал ол он жұмыс күніне ұзарғалы бері осы процедураларды жасау үшін уақыт жеткілікті. Сонымен қоса, егер сотқа дейінгі хаттама жасалатын болса, әңгімелесу 15 жұмыс күні ішінде тағайындалады.

Төртіншіден, сот шығыстарын реттеуге үлкен мүмкіндік. Егер тараптар татуласудың қандай да бір түрімен дауды аяқтайтын болса, талап қою үшін төленген мемлекеттік баж сот ұйғарымымен өзіне кері қайтарылады. Сонымен қоса, егер тараптар өзара келіскен болса өзге де сот шығыстарын дауламауға немесе оның мөлшерін азайтуға құқылы. Осы ретте татуласу рәсімдерін жүргізу барысында талап қоюшы өзінің талабының бір бөлігінен толықтай бас тартуға немесе талап мөлшерін азайта алатынын ескерген жөн.

Бесіншіден артық шығындардан, дауласқан тараптардың бір-біріне деген жеккөрушілік сезімінен сейілтеді. Өйткені, тараптар сот отырыстарына бірнеше мәрте қатысу үшін жол жүруге, сараптама жүргізуге, басқа да дәлелдемелер ұсынуға шығындалатыны белгілі. Бұл жерде дау сотқа дейін реттелетін болса, шығын мөлшері айтарлықтай аз болатыны сөзсіз.

Сондай-ақ, тараптарға бұрынғы қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Осы жасалынған жаңашылдықтар дауды мейлінше азайтуға, қоғамда татуластық пен тұрақтылық орнатуға бағытталғанын ескерген жөн.

А.АБДУЛЛА, Қызылорда қалалық сотының судьясы

МҰРАҒАТ

ЖЫЛДАР ЖАДЫНАМАСЫ



Қай мекемеде болмасын, мұрағат маңызды сала. Бұл сот жүйесіне де тікелей қатысты. Кез келген іс сот мұрағатына тапсырылып, сақтауға өткенге дейін ұзақ та күрделі процестерден өтеді. Ол Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшысының 2016 жылғы 5 наурыздағы №6001-16-7-6/ 89 өкімімен бекітілген аудандық және оған теңестірілген сотта іс қағаздарын жүргізу ережесіне сәйкес сот істерін және материалдарын жүргізу тәртібі мен мұрағатқа өткізу мерзімі аралығында реттеледі. Мұрағат тәртібі негізінде құжаттар тізбесі мен мұрағаттағы сот істері материалдары дереккөз нөміріндегі тәртіппен жүзеге асады.

Ол құжаттар жиынтығы, яғни әр мұрағаттың артында адам тағдыры тұр. Ол жылдар жадынамасы, кезеңдер «шежіресі». Демек, соттардағы мұрағат, деректі құжаттар сот жүйесінің алтын қазынасы. Сот мұрағатына өндірісте аяқталған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер тапсырылады. Есептік-ақпараттық құжаттар да архив деректері. Соңғы жылдары сот мұрағаттарын электронды нұсқаға көшіру үрдісі басталды. Қазіргі таңда бұл жұмыстар табысты жүзеге асуда. Бұл мұрағатшылардың жұмысын жеңілдетіп, қағазбастылықты азайтуға үлкен көмегін тигізеді. Электронды мұрағат қорын пайдалану да тиімді. Қағаз нұсқаны қоңарып, сан мың қағазды сақтау процесі азаматтардың құқығын көпше заманауи, бәсекеге қабілетті, сапалы мұрағаттар саны артып, жұмыс процесі басқа арнаға ауысады. Мұрағатты жаңа технология жетістіктеріне лайықтауы тиіс.

Эльнура БЕДЕЛБАЕВА, Алакөл аудандық сотының жетекші маманы ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

«Медиация туралы» заң елімізде дауларды шешудің жаңа баламалы түрін бекітіп, республикада дауларды соттан тыс реттеу институтын енгізді. Ол заң жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар бойынша қолданылады.



МЕДИАТОРДЫ ХАЛЫҚ ТАЛУЫ ТИІС

ҚР АПК-де сот өндірісіне түскен азаматтық істер бойынша істі қарауға әзірлік жүргізу барысында тараптарға міндетті түрде араларындағы дауды медиация тәртібімен шешу мүмкіндігі туралы түсіндіріледі. Бұл тұрғыда оларға іс бойынша төленген мемлекеттік баж алымының қайтарылатыны де ескертіледі.

Медиацияны қолдану аясын кеңейту үшін ол жөнінде насихат жұмысын қолға алу қажет. Теледидарда, баспасөз беттерінде медиация жөнінде жарияланып жатады, алайда, көпшілік медиацияны саяси бір сырттан келген түсінік ретінде қабылдайды. Сондықтан, барлық үгіт-насихат жұмыстарын халық санасына тез жеткізуге бағыттау қажет. Насихат қарапайым, жылдам әрі түсінікті болуы керек. Және медиаторларды халық тануы керек. Медиаторлар да өз тараптарынан өздерін жарнамаласа, нотариусты таңдағандай халық медиаторды таңдаса қолайлы болар еді. Медиаторлардың кім екенін, қай жерде орналасқанын, олармен қалай хабарласуға мүмкіндігі туралы қолжетімді мағлұмат болуы қажет.

Соттар медиация бойынша тек тараптарға, медиацияны қолдану мүмкіндігін ғана түсіндіреді. Ал, оған келісуі не келіспеуі олардың процессуалдық құқықтары. Себебі, медиацияның басты принципі-еріктілік. Егер сотқа дейін даулар медиация тәртібімен шешілетін болса, соттардың да жүктемелері елеулі түрде төмендер еді.

Сот медиациясын кеңейту бағытында республикада күрделі өзгерістер жасалып, 2016 жылы қолданысқа енгізілген Азаматтық процесстік кодекске татуласу рәсімдері бөлек тарау

ретінде бекітілді. Оның 174-бабы бойынша, сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қолданады, дауды процестің барлық сатыларында реттеуде оларға жәрдемдесетіні көрсетілген. Іс жүргізу заңының жаңадан енгізіліп бекітілген өзгерістері бойынша бірінші сатыдағы сотта медиацияны беріледі. Тараптардың өтініш-хаты бойынша медиацияны іс жүргізуінде іс жатқан судья өткізуі мүмкін. Медиацияның мемлекет және ең маңыздысы халық үшін жағымды жақтары көп болғандықтан соңғы реформалары оны дамытуға бағытталған. «Медиация туралы» заңның қолданылуы өркениет көшіне бағыт түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі.

Ақтоқын МУСИНА, Ақтөбе қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ТІЛ-ТІРЕК

РУХАНИЯТ ӨЗЕГІ

Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл саясатының арқасында қазіргі таңда тіл туралы оңды қоғамдық көзқарас қалыптасып отыр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақтілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды.

Үкімет мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қолданысын кеңейту, оны азаматтардың барлығы меңгеруі үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайларды жасауға көмектесуде. Мемлекеттік тіл шын мәнінде ұлттық саясаттың өзегі, дінгегі дейтін болсақ, қазақ тіліне басымдық беріп, техника, экономика, саясат тіліне айналғаны жөн. Иә, айта берсең, қазақтілі туралы проблема көп. Жаза берсең, таусылмайды. Қай кезде болмасын тіл мәселесі – сол тілде сөйлейтін, сол тілден сусындаған, ұлттың ділдік белгісі болып саналатын халықтың мәселесі. Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмауға тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сардалада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, оралымды, терең тіл жоқ», – деп тіл жайында терең толғанған екен. Оның

қоғамда мемлекеттік тілге деген қажеттіліктің алғышартының қалыптасуына себі тиері анық. Қазақ тілін дамытуға, өмірдегі қолданыс аясын кеңейтуге едәуір ықпал етері хақ. Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп түсініп, тілдің қоғам өміріндегі қолданысына, оның бүгінгі мен болашағына ерекше назар аударып отырғанымыз анық. Тілді тіл ғылымы мен әдебиеттің нысаны етумен ғана шектелмей, бүкіл Қазақ елінің ұлттық сұранысы мен мемлекеттік мәртебесіне айналдыру – қашанда өзекті. Мемлекеттік тілге деген құрмет пен ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпы халықтық мүдде кеңістігіне шығуы қажет. Тіл Отан көлемінде қуатты қатынас құралы бола тұрып, халықаралық байланыста да өзінің мемлекеттік мәртебесін сақтауы үшін жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиеті мен патриоттық сезімін ұштастыра тәрбиелеу – біздің ұстаздық парызымыз. Сонда ғана қазақ тілі қоғам өмірінің бар саласында шынайы сұранысқа ие болады. Қазіргі қазақ тілі – жалпы әлемдік тілдік дамудың биік деңгейінде тұрған дамыған тіл. Қазір біз тілдің дамуының бүкіл жауапкершілігін өз мойнымызға алдық, өзімізден өзіміз талап ететін кезеңге жеттік. Қазақтілі үшін бәріміз қарыздармыз, сондықтан қолымыздан келген қамқорлығымыз бен көмегімізді өз тілімізден аянып қалмайық, өйткені тіл – біздің ертеңгі ұрпақтарымыздың панасы.

Н.МАЖИТОВА, Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

АНАМНЫҢ ТІЛІ – ҚУАТЫМ МЕНІҢ

Тіл – ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен дарыған ана тілі.

Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Бізде қазір көптеген қазақтар үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарылтып, қолданылу аясын әлсіретеді, тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өздері орыс тілінде сөйлейді, қазақша

сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Басты кемшілігіміз осы.

Соңғы жылдары сот саласында мемлекеттік тілді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру бағытында біршама жұмыстар атқарылып келеді. Кеңсе құжаттары мен қатынас қағаздары, хаттамалар мен өкім сияқты құжаттар мемлекеттік

тілде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет болашақта түгелімен мемлекеттік тілге көшуі керек. Елін, жерін, мемлекетін сыйлайтын әрбір азамат жергілікті ұлттың тілінде сөйлеуге тиіс.

Ж.МАХСОТОВА, Жәнібек аудандық сотының бас маманы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

## БІТІМГЕРШІЛІК ЕЛ БІРЛІГІН АРТТЫРАДЫ

Бабаларымыз «Ерегескен ел болмайды» – деп, халықты әрқашанда татулық пен бірлікке үндеген. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен осынау тамаша тәмсіл билер институтының ғана емес, заманауи сот жүйесінің де басты ұстанымына айналып отыр. Бұл ретте Медиация туралы заңды айрықша атауға болады.

Татуластыру шараларын қолдану нормалары азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, т.б. кодекстерге жан-жақты ендіріліп, жұртшылыққа дау-дамайды заң аясында бітімгершілік жолымен шешу жолдарын насихаттау құзырлы орган қызметкерлеріне заңмен міндеттелді. Бұл тұрғыдағы жұмыстар соңғы жылдары соттар тарапынан қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Өзара келісімге келуде тараптар нені білуі тиіс деген сұрақ әркімнің көкейінде тұрауы анық.

Осы мақсатта ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына түсіндірме жасар болсақ, дау-дамайды тараптар әкімшілік процестің барлық кезеңінде реттей алады. Бұл үшін олар дауды татуласу, медиация, партисипативтік рәсімдер тәртібінде шешу келісімін жасайды. Сондай-ақ, аталған кодекспен жауапкердің әкімшілік қалауы негізінде татуласу мүмкіндігі де қарастырылған. Әкімшілік қалау түсінігіне келсек, ол әкімшілік орган мен лауазымды адамның заңмен белгіленген мақсаттар мен шектер заңдылығын бағалауда өзіне тиімді шешімдердің бірін қабылдауын білдіреді.

Татуласу келісімдері жазбаша жасалады және онда келісілген шарттармен қоса сот шығыстары, сонымен қатар, өкілдер қызметіне шығыстарына жұмсалатын шығындар, мәжбүрлеу тәртібімен орындалу талаптары, т.б. толық қамтылады. Татуласу келісіміне тараптар мен олардың өкілдері қол қояды. Екі жаққа да келісім шарттарын орындау міндеті заңмен жүктелген. Егер тараптың бірі жалтарар болса, мүдделі жақ сотқа оны орындату туралы өтінішхат бере алады. Осы

ның негізінде соттың атқару парағы шығарылып, келісім шарттары мәжбүрлі түрде орындалады.

ӘРПК-да нақтыланғандай, дауды реттеу келісімі өзгелердің құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан тигізбейтіндей мазмұнда жасалуы қажет. Себебі, заң талаптарына қайшы келетін келісім сотпен бекітілмейді. Сондықтан, тараптар келісім шарттарын жасауда заңдылыққа баса мән беріп, барлық тәртіпті сақтағандары жөн.

Бабит Мүсірепов «Дау құған ел жауығар, кумағаны сауығар» дегенді бекер айтпаған. Әрбір қазақстандық азаматтық парызы тыныштық пен тұрақтылықты сақтау десек, дау-жанжалдың ортақ мәміле, түсіністікпен шешілуі мемлекетіміздің құқықтық саясаты мен экономикасының дамуына да айрықша ықпал етеді. Олай тігініміз, азаматтары өзара келісімде тату тірлік кешкен елдің өмір сүру сапасы жоғары болары дәлелсіз шындық.

Бүкіләлемдік тәжірибеде медиация ірі бизнестерден бастап, жанұялық дау-жанжалдарда, т.б. даулы мәселелерде қолданылады. Біздің елде де тараптардың сотқа дейін немесе сот барысында дауды татуласу рәсімдері арқылы бітіруіне барлық жағдай жасалған. Бұл үшін судьялар қажетті шараларды қабылдап, бағыт-бағдар береді. Дауды медиациямен бітіруде азаматтарға кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, адвокаттар мен заң консультациясы мүшелері көмектеседі. Татуластыру шараларын қолдану ешкімнің де сотқа жүгіну құқығын шектемейді. Сондықтан, заңмен берілген мүмкіндікті пайдалануда белсенділік танытудың пайдасы зор.



**Мұхит МҰҚАШЕВ,  
Маңғыстау облыстық  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік  
сотының судьясы**

## ҚОҒАМ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыру жолындағы ең басты қауіп-қатерлерінің бірі сыбайлас жемқорлық екені барлығына белгілі. Сондықтан оны болдырмау, алдын алу мақсатында елімізде көптеген іс-шаралар жоспарланып, жүзеге асырылуда. Сыбайлас жемқорлық еліміздің экономикасы мен ұлттық қауіпсіздігіне орасан зор нұқсан келтіріп қана қоймай, нарықтық экономиканың дамуына залалын тигізеді. Сол себепті онымен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына айналған.

2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігін атап көрсетті. Біздің түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін оған қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті күшейту.

Жалпы, Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ сыбайлас жемқорлықпен күрес жіті қолға алынған болатын. Соған қарамастан бұл міндет қоғам өмірінде анда-санда болса да бой көрсетіп қалып жүргені рас. Сыбайлас жемқорлықтың ерекшелігі – оның көпшілікке жария етілуінде. Өйткені, ол екіжақты «құпия мәміле» ретінде іске асырылғандықтан, оның ашылуына екі тарап та мүдделі болмайды. Үлкен әлеуметтік қасірет саналып отырған қылмыстың бұл түрі саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлем елдерінің қай-қайсысын да қатты алаңдатуда. Көбінесе сыбайлас жемқорлыққа адамдардың заң талаптарын білмеуінің салдарынан жол беріледі. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтындығын көпшілік ескере бермейді.

**Б.АБДИКАРИМОВА,  
Октябрь аудандық сотының бас маманы  
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ**

### ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

## МҰНАЙЛЫДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС АЗАЙҒАН

Бүгінгі таңда сот жұмысын жандандыру бағытында реформалар жүргізіліп, өз нәтижесін беруде. Себебі, халықаралық талаптар мен қоғам қажеттілігіне сай, ел азаматтарының құқығы мен бостандығын сақтау ең негізгі міндеттің бірі болып саналады. Бұл ретте әділ шешім шығарып, әр істі әділ қарайтын сот жүйесінің жұмысына үлкен жауапкершілік артылатыны белгілі.

Осы орайда, Мұнайлы аудандық сотында 2021 жылы 270 тұлғаға қатысты 241 қылмыстық іс қаралған болса, 2022 жылы 233 тұлғаға қатысты 213 қылмыстық іс қаралып аяқталған. Бір қуанарлығы,

өңірдегі қылмыстық іс 16 пайызға төмендеген. Полиция қызметкерлеріне қатысты 6 қылмыстық іс бойынша жеке қаулы шығарылған. Жеке қаулылар бойынша сот актілері орындалып, жауапты тұлғаларға ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс түріндегі жаза тағайындалды. Алайда, есепті кезеңде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер саны артқан. Мәселен, 2021 жылы 1643 тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралып аяқталса, 2022 жылы 2269 әкімшілік құқықбұзушылық іс қаралған, яғни өткен жылмен салыстырғанда іс 38 пайызға артқан. Оның ішінде ӘҚБтК-нің 517-бабы (шетелдіктің неме-

се азаматтығы жоқ адамның ҚР халықтың көші-қон саласындағы заңнамасын бұзуы) 185 пайызға, 440-бабы (алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масан күйде келу) 138 пайызға, 73-1-бабы (денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру) 49 пайызға артқан. Сондай-ақ, 2022 жылы аудандық сотқа 2050 талап қою түсіп, 1602-і қаралып аяқталған. Оның 579 ісі бойынша шешім шығарылған, 150-і медиациямен аяқталса, 173 іс бойынша бітімгершілік келісім жасакталған. Жалпы, 2021 жылмен салыстырғанда 6 пайызға істер саны артқан. Мұнайлы аудандық сотында жиі қаралатын азаматтық істер қатарында неке және отбасылық қатынастардан туындайтын даулар бар.

**Ерсін ҚАЗИЕВ,  
Мұнайлы аудандық сотының  
кеңсе меңгерушісі  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

3. «Orda invest Group» ЖШС, БСН 140140021093, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Рысқұлбеков көшесі, 13, пошта индексі 010000. Телефон: 87071414818.

8. «Шу ауданы Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі» қоғамдық бірлестігі (БСН 200140033912, заңды мекенжайы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылдық округі, Төле би ауылы, Алтынсарин көшесі, 15А үй, пошта индексі 081100) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылдық округі, Төле би ауылы, Алтынсарин көшесі, 15А үй. Анықтама үшін телефон: 87083363621.

9. «Пелагея» ЖШС (БСН 180840025712) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, «Жайлау» ықшамауданы, 37 үй, 13 пәтер.

10. «Жайық шаруасы» агротуарендірушілер қауымдасуы, БСН 980240004696, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 197, 16 бөлме.

15. «Деметра-2005» К» ЖШС (БСН 201140024420) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Абай ауданы, Абай к., Әлімхан Ермеков көш., 24 үй, 12 пәтер.

### ӘРТҮРЛІ

2. «Baskho Investment Group» ЖШС, БСН 170540002334, жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Ворошилов көшесі, № 1 үй, 7 кеңсе.

4. Алматы қаласы МАЭС-ның 30.11.2022 ж. ұйғарымымен «ПМК-7К» ЖШС-не, БСН 051140006767, қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Афинао көшесі, 34 үй, тел.: +77017554853.

5. «Интер Карго Азия» ЖШС, БСН 070440000998, жарғылық капиталдың 10 000 (он мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Саин көшесі, 30 үй, 123 кабинет.

11. «Транс Шығыс» ЖШС, БСН 200340017115, өзінің «Дим Строй» ЖШС-не, БСН 071040010874, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108. Тел.: 87073731447.

12. «Транс Шығыс сервис» ЖШС, БСН 210440016350, өзінің «Дим Строй» ЖШС-не, БСН 071040010874, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108. Тел.: 87073731447.

13. «Дим Строй», БСН 071040010874, өзіне «Транс Шығыс» ЖШС-н, БСН 200340017115, және «Транс Шығыс сервис» ЖШС-н, БСН 210440016350, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108. Тел.: 87073731447.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директорлары Кривилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшінов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштары. argawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

СУДЬЯ МІНБЕРІ

# ҚАРЫЗ АЛАРДАН БҰРЫН, БЕРЕРІҢДІ ОЙЛА!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге дейін бес жылдан асса, жоғарыда көрсетілген шарттарды сақтамай-ақ борышкер осындай арыз бере алады.

## Қажетті құжаттар

Арызында борышкерлер кредиторлардың атауын, қарыз сомасын, тұрған жерлерінің тізімін көрсетуі керек. Арызға қосымша ретінде қарыз шарты бойынша берешекті реттеуді және өндіріп алуды жүргізу жөнінде шаралар қабылданғанын растайтын құжаттардың көшірмесін береді. Егер кредиторлар қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тартса,

не себептен бас тартқаны туралы көрсетілген жауаптары қоса берілуі керек.

## Соттан тыс банкроттық

Уәкілетті орган борышкердің арызы электрондық порталға тіркелгеннен кейін 6 айдың ішінде банкроттық рәсімін жүргізеді. Бұл уақыттың ішінде борышкер көрсеткен кредиторлар алдындағы борыштық міндеттемесінің мерзімі өткен болып есептеледі және кредиторлардың борышкер міндеттемесін орындауды талап етуіне тыйым салынады. Міндеттеме бойынша барлық тұрақсыздық айыбы, сыйақы есебі тоқтатылады. Борышкердің жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттеме алуына тыйым салынады және олардың банктік шоттарынан



Гүлнұр БЕКЖАНОВА,  
Құрчатов қалалық сотының судьясы

кредиторлардың ақша өндіріп алуына жол берілмейді. Соттың борышкерден берешекті өндіріп алу туралы шешімін орындау тоқтатыла тұрады.

## Борышкерді міндеттемелерден босату

Борышкер арыз бергеннен бастап 6 ай өткен соң уәкілетті орган соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп

тану туралы шешім шығарылады және «электрондық үкімет» веб-порталына орналастырылады. Осы күннен бастап борышкердің арызда көрсеткен міндеттемелері тоқтатылады. Сонымен қатар, банкрот болған борышкерге сол күннен бастап 5 жыл ішінде қарыздар (ломбардтардың микрокредиттерін алудан басқа) берілмейді және ол адамдар кепіл бола алмайды.

Осы заңның аясында несие бойынша қарызы 1600 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын тұлғаларға жоғарыда көрсетілген шарттар сақталған жағдайда сотқа жүгінбей-ақ қарыздары кешіріледі. Бұл мемлекетіміздің өз азаматтарына жасап жатқан көмегі. Бірақ аталған заңды теріс пиғылды азаматтар пайдаланып, олардың өз қарыздарын кешіртуге жол берілмейді. Яғни, борышкер адамның төлем қабілеттілігі, өзінің атында немесе жұбайының атында ортақ меншік болып саналатын мүлкі бар-жоғы тексеріледі. Бар мүлікті қасақана басқа біреудің атына аудару сияқты фактілерге жол берілмейтіндігін ескеру керек. Сонымен қатар, жеке тұлғалардан алынған қарызға бұл заң қолданылмайды.

Ата-бабамыз «Қарыз алудан бұрын, береріңді ойла!» деп босқа айтпаған.

АБАЙ ОБЛЫСЫ

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

«Абысын тату болса ас көп». Халқымыздың осынау даналығының астарында отбасының берекесін арттырып, ағайын арасындағы ынтымақты нығайтудағы, әулет бақытын баянды етудегі абысындардың өзара татулығы мен сыйластығының теңдесіз маңызы жатыр. Ас адамның арқауы дегендей, ас – тірі болып, ұрпақ жалғастыруға, оның келешегі үшін іргелі іс атқаруға күш беретін ең бірінші қажеттілік. Абысынның татулығы ұлтты сақтайтын, өсіп-өндіретін, ұлттық дәстүрді алға жылжытатын құдіретті күш.



Абысындар мейірімнің, ізгіліктің жарығын сеуіп, бір-бірін қолдады, ағайынның сыйластығына дәнекер болды. Олар қазіргі тілмен айтқанда, бір-біріне елші де, адвокат та, психолог та, тіпті гинеколог та еді. Ата-анаға келін, іні мен қайын сіңліге жеңге болудың тағылымын бірі-бірінен сіңіріп, бірі-біріне үйрете жүріп, бүкіл әулеттің ақылшы, данагөй анасына айналды. Сол арқылы ұлттың көшін түзеді. Өкінішке қарай, ғасырлар бойы елдің бірлігін сақтап, тірлігін алға жылжытқан осынау тәлімі терең институттың бүгінде орны ойсырап тұр. Абысындар арасындағы сыйластық, оларды біріктірген ортақ құндылықтар заманның илеуінде кеткендей. Мұның зардабы бүгінде қазақ отбасына тиіп отыр. Ажырасу, ұлдан ұят, қыздан қылықтың кетуі, үлкенге құрмет, кішіге ізеттің азаюы, қатыгездіктің етек алып, ағайын араздығының ұшығуының бір себебі абысын-ажын институтының әлсіреуінде десек артық айтқандық болмас. Өйткені, абысын-ажын институты ұлт ұятының ұстыны ибалы қыздан, дана анаға айналуының берік іргетасы еді.

Қуаныштысы сол, бүгінде «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық аналар бірлестігі ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытында игілікті істер атқарып, ұлтымызға тірек болған институттардың жандануына ықпал етіп жатыр. Ұлт жанашыры, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер ісі және

отбасылық-демографиялық саясат комиссиясының мүшесі Айнұр Жүгінісова басқаратын қоғамдық ұйым осыдан екі жыл бұрын ұлттық болашағын тәрбиелеу, ұлттық тәрбие мен құндылықтарымызды насихаттай отырып, әжелер, аналар, келіндер, қыздар мектебін қалыптастыру мақсатында құрылған болатын. Осы ниет игі шараларға жалғасып жатыр. Соның бір мысалы жуырда Алматыда өткен «Абысын-ажын» байқауы.

Осыдан бір жыл бұрын Алматыда «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің филиалы құрылған болатын. Бұл бірлестік бір жылдан бері ұлттық дәстүр төңірегіне аналарды біріктіріп, өнегелі істерге ұйытқы болуда. Отбасында асыл жар, аяулы ана, ибалы келін, ақылшы ененің, сыйлы абысынның үлгісі болған Ләйлә Дәулет ханымның осындай елге қажет шараның басынан табылып жүргені қуантады. Өйткені, өмірі өнегеге толы жан ғана артына адам ертіп, көш бастай алады. Соның бір айғағы осы Алматы облысындағы аналар қауымының басын қосқан абысын-ажын конкурсы болды.

Байқау өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сол күні «Алатау» дәстүрлі өнер театрында ине шаншыр орын болмағанын көзіміз көрді. Байқауды тікесінен тік тұрып тамашалағандар көп. Ақ кимешекті аналар көрермен залының сәні мен мәніне айналды. Байқаудың өн бойында аналардың адамзат

# ҰЛТ ҰЯТЫНЫҢ ҰСТЫНЫ

## НЕМЕСЕ «АБЫСЫН-АЖЫН БАЙҚАУЫ» ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

өміріндегі құдіретті миссиясы айшықталып жатты. Жүргізушілердің «Мен аналардың барлығы жердегі тәңір дер едім. Өйткені, адамзатты жарататын да, ұлтын көбейтетін де, ұрпақты жалғастыратын да, еректе ер ететін де – ана. Бір сөзбен айтқанда, дүниенің тірегі – ана, махаббаттың асыл нұры – ана» деген жүрекжарды лебізі кешке келген жас келіннен абыз әжеге дейінгі аналар қауымының жүрегіне ізгілік нұрын ғана сеппей, жауапкершілік жүгін ұқтырғаны анық еді.

«Қызда оттай ыстық мейір бар», «Қызда қырық періште бар», «Қыздың қабағында құт бар», «Қыз қырық істің қисынын біледі», «Қыз өссе – елдің көркі...», «Қыз – ұлттың тұмары, ары, иесі, киесі!» «Қыз өсірген қызыққа кенеледі», дейтін інжу-маржан оялар, толғамдар, лала лебіздерді алғаш естіп, халқымыздың қыз баласына деген махаббатына елжіредік. Байқау қыз баланың оң жақтағы ғұмырының салтанатын көрсетуден басталды. Оның мәні қазактың қыз бала қонақ, болашақ елдің анасы деп ерекше әлпештеп, қылығын, болмысын қалыптастырған ерекше үрдісін жаңғыртты. Одан соң абысын-ажындар өзара сайысқа шақырылды.

Байқауға Алматы облысындағы ауыл-аймақтардан сегіз команда келіпті. Жүргізушілердің сайыс басталмас бұрын абысынның қазақ этномәдениетіндегі рөліне тоқталғаны көрермендер үшін жақсы мағлұмат болғандай. В.В.Радлов сөздігінде: «Абы» қойбол тілінде біздегі «әйел» сөзінің орнына қолданылады, – деп жазылыпты. Ал Л.З.Будагов сөздігінде: «Абысын» тұлғасына жақын «епчи» сөзін ұшыратып, «әйел» мағынасын беретіндігі айтылған. Қалай десек те абысынның түп төркіні – шаңырақтың діңгегі әйел екені айтылып тұр. Ал қазақ қоғамында абысын тұтас әулет ынтымағының тұтқасы. Осы орайда жүргізушілердің «Әр шаңыраққа түскен келін өзінен үлкен қайнылары мен қайын інілерінің зайыбына абысын болатындықтан, саналы, сезімтал, көреген, ақылды адам болғаны ләзім. Терең таным

иесі ғана шаңырақтың құтын қашырмай, несібесін көгертеді. Ұлттық қадір-қасиетімізді сақтай білген абысындарды көріп жүрміз, олар тонның ішкі бауындай тату. Бірі білмегенді бірі біліп, үй шаруасындағы көзге көрінбейтін шаруаларды бір-біріне үйретіп атқарып жатады. Өз міндетін абыройлы атқарған абысындардың арқасында ағайын арасында татулық болатынына күмән жоқ» деген сөздері абысындар санасын түртіп, «мен өзі қандай абысымын» деп бір ойлантып өткені сөзсіз.

Байқауда абысын-ажындар өзін таныстырып, дәстүрлі ән-би орындаудан, ұлттық тағам әзірлеуден, қолөнер бұйымын жасаудан, кимешекпен сән үлгісін көрсетуден сайысқа түсіп, бақ сынады. Мұның бәрі абысындардың өзара бәсекесі ғана емес, халқымыздың бірлігін, тірлігін дәріптеген, ұлттық өнерін, тәрбие құндылықтарын асқақтатқан, кейінгі буынға насихаттап, жарнамалаған, сол арқылы халқымыздың ұлылығын паш еткен тағылымы зор мектеп еді. Бұл сайыстан әр көрермен көп нәрсені көкірегіне түйіп, жандүниесінде ұлттына деген ерекше құрмет, махаббат оянып кеткені хақ. Өйткені, көрсетілген дүниелердің бәрі сондай жанды, әсерлі, мазмұнды болды. Бұл байқаудан енді босаға аттап, жаңа ортаның салтына бейімделуге ұмтылған жас абысынды да, ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, ақыл-парасатымен айналасына үлгі болған қарт абысынды да көрдік.

Күлдірді, ойландырды, қуантты, сілкінтті. Мұның сыртында осы конкурста дайындаламыз деп жүріп заманның желі, бәлкім адамдардың ниетінен бір-бірін көптен көрмей кеткен, байланысы үзіліп қалған, сыйластығына кірбің түскен абысын-ажындардың бір-бірімен тілдесіп, дайындықтарда бас қосып, сол арқылы ынтымағына жол салғанына еш шүбәміз жоқ. Сондықтан конкурс өз мақсатына еселеп жетті деп есептейміз. Өйткені, әулеттің бақыты бірлікте, астың көптігі абысынның татулығында.

Байқауда жүлдесіз команда болмады. Десе де, бәйгенің аты бәйге. Конкурстың бас жүлдесі – «Байбота Баба» келіндерінің «Алтын жүрек» командасына, 1-орын – «Қажы Баба» келіндерінің «Тату абысындар» командасына, 2-орын – «Жамбыл ата» келіндерінің «Дара келіндер» командасына, 3-орын – «Сатан ата» келіндерінің «Жұлдыз» командасына бұйырды. Өзге командалар түрлі номинацияларды өзара бөлісті. Олардың әрқайсысына ақшалай сыйлық берілді. Ерекше атап айтатыны байқауға . «Жомарт жүрек» жыл мененаты, қоғам қайраткері Айнұр Жұмаш демеушілік жасады. Осылайша, бұл байқау ұлттық бірліктің, татулықтың, ынтымақтың мерекесіне айналды. Жақсы дәстүр жалғасын тапса дейміз.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»



## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
E-mail: [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)  
«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
Жеке таралым 5515 дана  
Апталық таралым 11 054 дана  
Тапсырыс №26 Индекс 65921  
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын [ZANMEDIA.KZ](http://ZANMEDIA.KZ) сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31